Білім беру ұйымының атауы	**ZIYATKER TURAN ЖШС**	
Пәні:	География	
Бөлім:	3. ФИЗИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯ 3.1. ЛИТОСФЕРА	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты	Елтаев Н.Т.	
Күні:	3.11.2025	
Сынып:7	Қатысушылар саны:	Сынып:
Сабақтың тақырыбы	Литосфералық катаклизмдер	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	7.3.1.4 дүние жүзінде және Қазақстанда литосфералық катаклизмдердің себеп-салдарын, таралуын түсіндіреді;	
Сабақтың мақсаты	Оқушылар дүниежүзінде және Қазақстанда литосфералық катаклизмдердің (жер сілкінісі, жанартау атқылауы, көшкін) пайда болу себептерін, салдарын және таралу аймақтарын түсіндіреді, литосфералық катаклизмдер кезінде өзін-өзі ұстау және қауіпсіздік ережелерін қолданады. **ЕББҚ:** Литосфералық катаклизмдердің негізгі түрлерін сурет арқылы ажыратады және жер сілкінісі кезінде сақталатын 2–3 қауіпсіздік ережесін атайды. **Құндылық:Тәуелсіздік және отаншылдық** **Дәйексөз:«Отаным - алтын бесігім!»**	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 1 мин	**(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі** Оқушылармен амандасып, оқушылардың көңілін сабаққа аудару. Сынықты түгелдеу, сыныптағы оқушылардың зейінін сабаққа аудару	Мұғаліммен амандасып, кезекші оқушы сыныптағы оқушылардың санын баяндайды	**(ҚБ)** мұғалім 1-10 балл аралығында бағалайды **«домбыра»** әдісі арқылы бағалау ЖИ арқылы жасалынған бағалау әдісі Geo_aqparat.kz - "Домбыра" әдісі	
1 мин	**ТРЕНИНГ** **«ЭМОДЗИДЕН ТАП»** **Мақсаты:** Оқушылар эмодзиден тап әдісі арқылы қолайлы атмосфералық ахуал орнатады Эмодзилер / Жауабы Жер сілкінісі Жанартау атқылауы Тау жыныстарының құлауы Қар көшкіні Сел тасқыны Жер қыртысының жарылуы Жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздік Құтқару жұмыстары Цунами Төтенше жағдай туралы ескерту	Оқушылар **«эмодзиден тап»** жаттығуы арқылы сабаққа қолайлы атмосфералық ахуал орнатады		Geo_aqparat.kz - "Эмодзи" әдісі 7 кл
2 мин	**ҮЙ ТАПСЫРМАСЫ** **«ВИКТОРИНА»** *Оқушылар цифрлі платформаны пайдалану арқылы викторина*	Оқушылар өткен тақырып бойынша викторина әдісі	**«Жарайсың»** деген мадақтау сөзімен ынталандыру.	Geo_aqparat.kz - 7.3.1.4.7.3.1.5

	сұрақтарына жауап береді 1. Литосфералық плиталардың баяу жылжуы қалай аталады? A) Субдукция B) Дрейф C) Коллизия D) Эрозия E) Денудация 2. Екі материктік литосфералық плитаның соқтығысуы қалай аталады? A) Спрединг B) Дрейф C) Коллизия D) Субдукция E) Үгілу 3. Бір литосфералық плитаның екінші плитаның астына ену үдерісі қалай аталады? A) Коллизия B) Спрединг C) Дрейф D) Субдукция E) Аккумуляция 4. Литосфералық плиталардың бір-бірінен алшақтау үдерісі қалай аталады? A) Спрединг B) Коллизия C) Субдукция D) Дрейф E) Эрозия 5. Материктердің дрейфі туралы ғылыми болжам ұсынған ғалым кім? A) Ч. Дарвин B) А. Вегенер C) И. Ньютон D) А. Гумбольдт E) Д. Менделеев 6. Гималай таулары қандай тектоникалық қозғалыстың нәтижесінде қалыптасты? A) Спрединг B) Дрейф C) Коллизия D) Үгілу E) Эрозия 7. Мұхит ортасындағы суасты жоталары көбінесе қандай үдеріс нәтижесінде қалыптасады? A) Субдукция B) Коллизия C) Денудация D) Спрединг E) Аккумуляция 8. Оңтүстік Американдағы Анд тауларының қалыптасуына қандай үдеріс әсер етті? A) Спрединг B) Субдукция C) Коллизия D) Үгілу E) Дрейф 9. Ежелгі біртұтас суперконтинент қалай аталды? A) Лавразия B) Гондвана C) Пангея D) Еуразия E) Тетис 10. Литосфералық плиталардың қозғалуына әсер ететін негізгі күштердің бірі қандай? A) Желдің әрекеті B) Күн сәулесі C) Мұхит толқындары D) Плитаның төмен қарай тартылуы E) Жауын-шашын	арқылы өткен тақырып бойынша ақпараттарға талдау жасайды **Дескриптор** Жалпы – 2 балл -*Литосфералық плиталардың тектоникалық қозғалыстарының түрлерін анықтайды – 1 балл.* -*Тектоникалық қозғалыстардың нәтижесінде қалыптасқан жер бедері нысандарын ажыратады – 1 балл.*		


<table>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы
1 мин</td>
<td>«АДАЛ АЗАМАТ»
бағдарламасы аясында жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған нақты мысал келтіріледі.
«Отанды сүю – отбасынан басталады!»
дәйексөзі
Еңбек адамдары туралы нақты өмірлік мысалдар келтіріледі</td>
<td>Апта дәйексөзі және құндылыққа байланысты нақты мысалдар келтіреді</td>
<td>«Жарайсың» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>1 мин</td>
<td>Жаңа сабақ
«ВИДЕО ФРАГМЕНТ» әдісі
Оқушылар «видео фрагмент» әдісі арқылы сабақтың тақырыбын анықтайды

Бүгін сабағымыздың тақырыбы қандай болмақ?</td>
<td>Оқушыларға тақырыпқа байланысты «видео фрагмент» әдісі арқылы сабақтың тақырыбын табуға мүмкіндік беріледі.</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>2 мин</td>
<td>МАҒЫНАНЫ ТАНУ
«ТҮРТІП АЛУ» әдісі
Бейнеролик: Литосфералық катаклизм
✓ Жер сілкінісі дегеніміз не?
✓ Литосфералық катаклизмінің қандай түрлері бар?
✓ Жанартаудын атқылауында қандай ерекшелік бар?</td>
<td>Оқушылар ЖИ мүмкіншілігі арқылы жасалынған бейнероликті тамашалайды. Сұрақтарды талдайды</td>
<td></td>
<td>https://youtu.be/FD4NoKT0z0w</td>
</tr>
<tr>
<td>5 мин</td>
<td>№1.ТАПСЫРМА
«ДЖИГСО» әдісі
(ТЖ) Топтық жұмыс
(Функционалдық сауаттылық тапсырмасы)
Оқушылар джигсо әдісі арқылы топтық тапсырманы орындайды
<table>
<tr><th>Топтар</th><th>Тапсырма</th></tr>
<tr><td>1-топ</td><td>1. Жер сілкінісінің пайда болу себептерін түсіндіріңіз. 2. Дүниежүзіндегі және Қазақстандағы сейсмикалық қауіпті аймақтарды анықтаңыз. 3. Жер сілкінісінің 2 салдарын және 2 қауіпсіздік ережесін жазыңыз.</td></tr>
<tr><td>2-топ</td><td>1. Жанартау атқылауының пайда болу себептерін түсіндіріңіз. 2. Дүниежүзіндегі жанартаулар көп таралған 3 аймақты анықтаңыз. 3. Жанартау атқылауының 2 салдарын және 2 қауіпсіздік шарасын ұсыныңыз.</td></tr>
<tr><td>3-топ</td><td>1. Жер көшкіні мен қар көшкінінің пайда болу себептерін салыстырыңыз. 2. Қазақстандағы көшкін қаупі жоғары 3 таулы аймақты анықтаңыз. 3. Көшкіндердің 2 салдарын және 2 қауіпсіздік ережесін жазыңыз.</td></tr>
</table>
Дағдыға баулу: Оқушылар географиялық ақпаратты</td>
<td>Оқушылар джигсо әдісі арқылы оқушылар тапсырманы орындайды
Дескриптор
Жалпы – 3 балл
- Литосфералық катаклизмдердің пайда болу себептерін түсіндіреді – 1 балл.
- Дүниежүзіндегі және Қазақстандағы таралу аймақтарын анықтайды – 1 балл.</td>
<td>«Жарайсың» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.
№1 тапсырма бойынша (ҚБ)
мұғалім Дескриптор бойынша 3 балл аралығында бағалайды
«домбыра» әдісі арқылы бағалау
Geo_aqparat.kz - "Домбыра" әдісі</td>
<td></td>
</tr>
</table>

	талдау, салыстыру, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау және қауіпсіз шешім қабылдау дағдыларын дамытады.				
	Құндылыққа жету: *Оқушылар ғылыми білімнің маңызын түсіну арқылы еліміздің ғылымын дамытуға үлес қосуға ұмтылады және Отанға деген сүйіспеншілігін арттырады.*				
1 мин	**ҚЫЗЫҚ ЕКЕН** Оқушыларға литосфералық катаклизм тақырыбына байланысты қызықты информация беріледі		- *Литосфералық катаклизмдердің салдарын сипаттап, қауіпсіздік шараларын ұсынады – 1 балл.* Оқушыларға тақырыпқа байланысты информация беріледі		
3 мин	**№2. ТАПСЫРМА** **«ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ДЕТЕКТИВ» әдісі** **(ЖТ)Жеке жұмыс** (функционалдық сауаттылық тапсырмасы) *Оқушылар берілген сипаттамалар арқылы литосфералық катаклизмдерді және олардың таралу аймақтарын анықтайды.*		Оқушылар **«географиялық детектив»** әдісі арқылы тапсырманы орындайды **Дескриптор** Жалпы – 3 балл - *Литосфералық катаклизмдердің түрлерін сипаттамалары бойынша анықтайды – 1 балл.* *-Жер сілкінісіне қатысты географиялық ұғымдарды ажыратады – 1 балл.* - *Литосфералық катаклизмдердің таралу аймақтарын және оларды зерттеу құралдарын анықтайды – 1 балл.*	«Керемет» деген мадақтау сөзімен ынталандыру. **№2 тапсырма бойынша (ҚБ)** мұғалім Дескриптор бойынша 3 балл аралығында бағалайды **«домбыра»** әдісі арқылы бағалау Geo_aqparat.kz - "Домбыра" әдісі	Geo_aqparat.kz - 7.3.1.4.7.3.1.5

Сипаттама	Жауабы
Жер қыртысындағы энергияның кенет босауынан пайда болатын табиғи құбылыс.	
Жер қойнауынан магма, күл және газдардың жер бетіне шығуы.	
Жер сілкінісі жиі болатын, Тынық мұхитын қоршап жатқан белдеу.	
1887 жылы жойқын жер сілкінісі болған Қазақстандағы қала.	
Жер сілкінісінің жер қойнауындағы пайда болу орны.	
Жер сілкінісі ошағының тура үстіндегі жер бетіндегі нүкте.	
Жер астынан ыстық су мен будың атқылап шығатын табиғи құбылыс.	
Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы сейсмикалық қауіпті тау жүйесі.	
Таудың тік беткейінен қар массасының төмен қарай жылдам сырғуы.	
Жер сілкінісінің тербелісін тіркейтін құрал.	

	Дағдыға баулу: *Оқушылар литосфералық катаклизмдердің түрлерін, пайда болу ерекшеліктерін және таралу аймақтарын анықтау арқылы географиялық ақпаратты талдау және салыстыру дағдыларын қалыптастырады.*


	Құндылыққа жету: *Оқушылар Қазақстандағы сейсмикалық қауіпті аймақтарды танып-білу арқылы туған жерінің табиғи ерекшеліктерін құрметтеуге және ел қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға үйренеді.*			
3 мин	**№3. ТАПСЫРМА** **«КАРТА СӨЙЛЕЙДІ»** **әдісі** **(ЖТ)Жеке жұмыс** (функционалдық сауаттылық тапсырмасы) *Оқушылар карта сөйлейді әдісі арқылы тапсырманы орындайды*  **№** / **Картамен орындалатын тапсырмалар** / **Жауабы** 1 Дүниежүзі картасынан Тынық мұхитының Отты шеңберін анықтап, орналасқан аймағын жазыңыз. 2 Жер сілкінісі жиі болатын 3 мемлекетті анықтаңыз. 3 Қазақстан картасынан сейсмикалық қауіпті 3 аймақты анықтаңыз. 4 Қазақстанның оңтүстік-шығысында жер сілкінісінің жиі болу себебін түсіндіріңіз. 5 Литосфералық катаклизмдердің таралуы мен литосфералық плиталар шекаралары арасындағы байланысты анықтаңыз.	Оқушылар **«карта сөйлейді»** әдісі арқылы тапсырманы орындайды **Дескриптор** Жалпы – 2 балл - *Дүниежүзіндегі және Қазақстандағы литосфералық катаклизмдердің таралу аймақтарын картадан анықтайды – 1 балл.* - *Литосфералық катаклизмдердің таралуын литосфералық плиталардың қозғалысымен байланыстырып түсіндіреді – 1 балл.*	«Тамаша» деген мадақтау сөзімен ынталандыру. **№3 тапсырма бойынша (ҚБ)** мұғалім Дескриптор бойынша 2 балл аралығында бағалайды **«домбыра»** әдісі арқылы бағалау Geo_aqparat.kz - "Домбыра" әдісі	
	Дағдыға баулу: *құшылар географиялық ақпаратты салыстыру, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, картамен жұмыс жасау және сыни ойлау дағдыларын дамытады.*			
	Құндылыққа жету: *Оқушылар Қазақстанның табиғи ерекшеліктерін зерттеу арқылы туған жерін құрметтеуге, табиғи қауіптерден қорғануға және ел қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға үйренеді.*			
20 мин	БЖБ. 3. ФИЗИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯ 3.1. ЛИТОСФЕРА			
Сабақтың соңы	**Кері байланыс** **«Бағдаршам»** әдісі	Оқушы жаңа тақырыпты	Мұғалім оқушылардың	Geo_aqparat.kz -

5 мин	Оқушылар бүгінгі сабақты түсінгендігі жөнінде бағдаршам әдісі арқылы қорытындылайды **Үйге тапсырма** Тақырыпты оқу	қорытындылап бүгінгі сабаққа кері байланыс орнатады	тапсырмаларды орындауына байланысты 1 – 10 балл аралығында бағалайды	Бағдаршам әдісі

Литосфералық катаклизмдер. Зерттеу және зерттеушілер

1 Картамен жұмыс. «ТАРАЛУ АЙМАҚТАРЫН АНЫҚТА»

Картаға қарап, тапсырмаларды орындаңыз.





1. Дуниежүзінде сейсмикалық белдеулер негізінен қай аймақтарда орналасқан? _____

2. Дуниежүзінде жанартаулар көп шоғырланған 3 аймақты жазыңыз. 1) _____ 2) _____ 3) _____

3. Қазақстандағы сейсмикалық қауіпті 3 аймақты картадан анықтап, жазыңыз. 1) _____ 2) _____ 3) _____

2 Себеп-салдар. «ТОЛТЫР ЖӘНЕ СИПАТТА»

Берілген литосфералық катаклизмдер боңынша кестені толтырыңыз.

Литосфералық катаклизм	Пайда болу себептері	Негізгі 2 салдары
Жер сілкінісі 	1. _____ 2. _____	1. _____ 2. _____
Жанартау атқылауы 	1. _____ 2. _____	1. _____ 2. _____
Жер көшкіні 	1. _____ 2. _____	1. _____ 2. _____
Қар көшкіні 	1. _____ 2. _____	1. _____ 2. _____

3 Қазақстандық компонент. «ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН ҚҰРАСТЫР»

Суреттерге қарап, әр жағдайға 2 қауіпсіздік ережесін жазыңыз.



Жер сілкінісі кезінде

1. _____
2. _____



Жанартау атқылауы кезінде

1. _____
2. _____



Жер көшкіні кезінде

1. _____
2. _____



Қар көшкіні кезінде

1. _____
2. _____